Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі
«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК

МАУСЫМДЫҚ АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

2022 жылғы қыркүйек-қараша

Нұр-Сұлтан 2022

МАЗМҰНЫ

Алғысөз…….....….....……..... 4

2022 жылдың қыркүйек-қараша айларында Қазақстан аумағы бойынша күтілетін ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашынның айлық мөлшерінің орташа көпжылдық мәндері (норма 1991-2020 жж.).....…….....…….....5

Қазақстан аумағы бойынша 2022 жылдың қыркүйек-қараша айларына арналған маусымдық ауа райы болжамы

2022 жылдың қыркүйек айында күтілетін орташа айлық ауа температурасының нормадан ауытқуы және көпжылдық орташа айлық мәндер (норма).....…..…….....6

2022 жылдың қыркүйек айында күтілетін жауын-шашынның орташа айлық мөлшерінің нормадан ауытқуы және көпжылдық орташа айлық мәндер (норма).....……..... 7

2022 жылдың қазан айында күтілетін орташа айлық ауа температурасының нормадан ауытқуы және көпжылдық орташа айлық мәндер (норма).....…..…….... 8

2022 жылдың қазан айында күтілетін жауын-шашынның орташа айлық мөлшерінің нормадан ауытқуы және көпжылдық орташа айлық мәндер (норма).....……..... 9

2022 жылдың қараша айында күтілетін орташа айлық ауа температурасының нормадан ауытқуы және көпжылдық орташа айлық мәндер (норма).....…..…….... 10

2022 жылдың қараша айында күтілетін жауын-шашынның орташа айлық мөлшерінің нормадан ауытқуы және көпжылдық орташа айлық мәндер (норма)….....…..... 11

Жазбалар үшін…….……...……... 12

Алғы сөз

Маусымдық ауа райы болжамы - қаралып отырған маусым үшін климаттық шамалардан ауытқуы түрінде көрсетілген орташаланған метеорологиялық параметрлердің сипаттамасы.

Маусымдық болжам жылына алты рет жасалады: жылы жарты жылдыққа арналған 1 болжам және суық жарты жылдыққа арналған 1 болжам, олар Қазақстан Республикасының 17 облысы бойынша қыс, көктем, жаз және күз маусымдарына арналған 4 тоқсандық болжамдармен нақтыланатын болады:

- 15 ақпанда көктем айларына (наурыз-мамыр);
- 15 наурызда жылы кезеңге (сәуір-қазан);
- 15 мамырда жаз айларына (маусым-тамыз);
- 15 тамызда күз айларына (қыркүйек-қараша);
- 15 қазанда суық кезеңге (қараша-наурыз);
- 15 қарашада қыс айларына (желтоқсан-ақпан).

Маусымға арналған болжам:

- 1991-2020 жылдар аралығындағы бақылаулар қатарына сәйкес ҚР облыстарының аумағы бойынша ай ішіндегі ауа температурасының және жауын-шашын мөлшері (норма) сомасының орташа көпжылдық мәндерінің кестесін;
- ҚР облыстары бойынша күтілетін ауа температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық орташа мәннен (норма) ауытқуын бөлудің қысқаша сипаттамасын;
- бір айдағы күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы карталарын;
- бір айдағы күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы карталарын қамтиды.

Маусымдық болжамды консультативтік кеңес беру ретінде пайдалану керек.

Маусымға, бір айға, онкүндікке арналған ауа райы болжамдарына байланысты барлық мәселелер бойынша мына мекенжайда орналасқан Гидромет орталыққа хабарласуға болады:

Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 11/1.

Гидромет орталықтың директоры:

М.Шмидт, тел. 8 (7172) 79-83-87.

Ұзақ мерзімді ауа райын болжау басқармасының басшысы:

Ж. Исабекова, тел.8 (7172) 79-83-95.

Құрастырушылар: ұзақ мерзімді ауа райын болжау басқармасының жетекші инженері М.Сакимова, 1 категориялы инженер А. Сагинтаева, 2 категориялы инженер С. Каирова.

Қазақстан аумағы бойынша қыркүйек-қараша айларындағы орташа айлық ауа температурасының (°С, алымда) және айлық жауын-шашын мөлшерінің (мм, бөлгіште) көпжылдық мәндері (норма 1991-2020 жж.)

Облыс	Қыркүйек	Қазан	Қараша
Батыс Қазақстан	+14,0...+17,1	+6,2...+9,1	-2,3...+0,6
	14...24	19...38	15...29
Атырау	+16,5...+18,6	+7,9...+10,2	-1,1...+2,0
	7...16	11…21	10…18
Маңғыстау	+18,6...+20,8	+10,0...+13,8	+0,8...+6,3
	5...11	10...13	11...22
Ақтөбе	+12,0...+17,0	+4,4...+8,3	-0,8...-4,7
	5...23	11...36	15...33
Қостанай	+11,3...+15,9	+3,9...+7,0	-3,1…-6,3
	7...31	19…31	13…27
Солтүстік Қазақстан	+10,7...+11,6	+3,6...+4,5	-5,9...-7,2
	22...34	21...40	21...36
Ақмола	+10,2...+13,0	+3,1...+5,1	-5,2...-7,1
	16...30	22...32	18...33
Павлодар	+11,3...+12,9	+3,9...+5,2	-4,9...-6,8
	18...26	18...26	16...23
Қарағанды	+10,9...+16,5	+3,3...+8,1	-1,0...-6,9
	4...22	7...30	9...34
Ұлытау	+12,9…+16,7	+5,0...+7,8	-1,6…-4,6
	2…14	9...22	14...25
Абай	+10,7...+16,0	+3,4...+8,0	-1,4…-6,7
	9...22	13...37	15...65
Шығыс-Қазақстан	+7,8…+15,6	+1,0...+7,3	-3,3...-7,8
	14…56	18...62	20...51
Қызылорда	+17,5…+19,9	+9,2...+11,4	-0,6…+3,4
	2…4	6…11	12…19
Түркістан	+12,5…+21,4	+6,1...+14,3	+0,6...+6,6
	1…19	6...60	15...82
Жамбыл	+14,0...+19,7	+5,8...+10,9	+0,2...+3,6
	2...20	10...45	13...49
Алматы	+4,5...+18,6	-0,6...+11,2	-5,3...+3,1
	5...44	11...64	14...67
Жетісу	+11,0…+19,6	+4,0...+10,9	-5,2…+0,6
	7…36	13…61	11…76

ҚР аумағы бойынша2022 жылдың қыркүйек-қараша айларына арналған маусымдық ауа райы болжамы

Қыркүйек

Қыркүйек айында ауаның орташа температурасы республиканың басым бөлігінде *нормаға жуық*, Маңғыстау облысында, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Алматы, Жетісу облыстарында, Абай және Шығыс Қазақстан облыстарының оңтүстік - шығысында *нормадан 1° жоғары* болады деп күтілуде.

2022 жылдың қыркүйек айында күтілетін орташа айлық ауа температурасының нормадан ауытқуы



***Қыркүйек* айындағы ауаның көпжылдық орташа айлық температурасы (1991-2020 жж. нормасы)**



Қыркүйек айында жауын - шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *нормадан аз*, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында, Қостанай, Ақмола, Павлодар облыстарының басым бөлігінде, Ақтөбе облысының солтүстігінде, Абай облысының солтүстік-шығысында, елдің оңтүстік пен оңтүстік-шығыс таулы және тау бөктеріндегі аудандарда *нормаға жуық* болжанады.

2022 жылдың қыркүйек айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы



Қыркүйек айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (1991-2020 жж. нормасы)



Қазан

Қазан айында орташа ауа температурасы республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Алматы, Жетісу, Шығыс Қазақстан облыстарында, Жамбыл, Абай облыстарының оңтүстік - шығыс жартысында *нормадан 1° жоғары*, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының солтүстігінде, Қостанай облысының солтүстік-батысында *нормадан 1 ° төмен* болады деп күтілуде.

2022 жылдың қазан айында күтілетін орташа айлық ауа температурасының нормадан ауытқуы



Қазан айындағы ауаның көпжылдық орташа айлық температурасы (1991-2020 жж. нормасы)



Қазан айында республиканың басым бөлігінде жауын – шашын мөлшері *нормаға жуық*, Қызылорда облысының басым бөлігінде, Ақтөбе облысының оңтүстік жартысында, Қостанай облысының оңтүстігінде, Ұлытау облысының батыс жартысында - *нормадан аз*, Солтүстік Қазақстан облысының шығыс жартысында, Павлодар облысының солтүстік жартысында, Ақмола облысының солтүстік - шығысында, елдің оңтүстік, оңтүстік-шығыс, шығыс таулы аудандарында *нормадан көп* болжанады.

2022 жылдың қазан айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы



Қазан айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (1991-2020 жж. нормасы)



Қараша

Қараша айында ауаның орташа температурасы республиканың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарында, Солтүстік Қазақстан облысының басым бөлігінде, Ақтөбе, Қостанай облыстарының солтүстік-батысында, Павлодар облысының солтүстік жартысында *норма шамасында* болады деп күтілуде.

2022 жылдың қараша айында күтілетін орташа айлық ауа температурасының нормадан ауытқуы



Қараша айындағы ауаның көпжылдық орташа айлық температурасы (1991-2020 жж. нормасы)



Қараша айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Атырау, Ұлытау облыстарында, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Қарағанды, Жамбыл облыстарының басым бөлігінде, Түркістан облысының солтүстік жартысында, Маңғыстау облысының солтүстік-батысында, Солтүстік Қазақстан облысының оңтүстік-батысында, Қызылорда облысының солтүстік-шығысында *нормадан аз* болады деп болжануда.

2022 жылдың қараша айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы



Қараша айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (1991-2020 жж. нормасы)



Қазақстан Республикасы
Нұр-Султан қ-сы
Мәнгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
udpp@meteo.kz

Республика Казакстан
г. Нур-Султан
ул. Мәнгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
udpp@meteo.kz